

ЖАҚСЫЛЫҚ ОМАРОВ

# Жүрекжарды



*Елу бес жыл - Елу бес жыр*

ЖАҚСЫЛЫҚ ОМАРОВ

# *Жүрекжарды*



УДК 821.512.122

ББК 84 (5 Каз)

О - 58

**О – 58 ОМАРОВ Жақсылық**

**ЖҮРЕКЖАРДЫ.** Өлеңдер жинағы. -Шымкент:  
*«Нұрлы Бейне», 2011. -84 бет.*

**ISBN 9965- 03-137-1**

Жезқазған кеніштерінде өндірісті өрге сүйреген еңбек майталмандарының арасынан шыққан ақын жазушылар да аз емес. Жақсылық Омаров та солардың бірі. Кеншілік пен ақындықты қатар алып жүрудің оңайға соқпайтындығына қарамастан оның ел, Отан, өмір, адамгершілік асыл қасиеттер және т.б. тақырыптарға арналған өлең-жырлары ойлылығымен және көркем де кестелі өрнегімен тартымды оқылады.

**ISBN 9965- 03-137-1**

© Омаров Ж., 2011



Қаншама жыл жыр жазып ғұмыр кешсін,  
Таласпайды Абайдың төріне ешкім.  
Естелік болып еліме қалсын деймін,  
Елу бесте ұсынған елу бес жыр.

Десем де: бірі емеспін бос кеменің,  
Демеймін: басқа шауып, төске өрледім.  
Елу бесім елеусіз қалмасын деп,  
Елу бес өлеңменен кестеледім.

Кен қаздым, жыр да жазбай жүре алмадым.  
Туған ел, өскен жерге жыр арнадым.  
Жүрсе екен түпкірінде көңіліңнің,  
Өмірімнің өрнегі – «Жүрекжардым».





## АҚЖАРМА ТІЛЕК АҒАДАН

Саф алтындай сары мысымен әлемге танымал Жезқазғандай кенді өлкемізде жер астынан кен қаза жүріп, жыр жазған кенші ақындар баршылық. Солардың бірі осы кітаптың авторы Жақсылық Адамбекұлы Омаров.

Жақсылық інімізбен өткен ғасырдың сексенінші жылдарынан бері бір кеніште бірнеше жылдар бойы бірге еңбек еттік. Ол жұмыстан қолы қалт еткенде жүрегінен жарып шыққан өлеңдерін оқып беретін. Осы жинақтағы «Кешір мені, қара өлең!» деп аталатын жырында:

«Қалып қоймай теңіздің жағасында,

Мініп кете алам ба, кемеңізге» деп өзі жазғандай ақ, ол өлең әлемінің есігінен енуге үмітті болса да, көңіліндегі «осыған қаншалықты лайықтымын» деген күдігін де жасырмайтын. Өз биігін сезініп, мойындайтын, бірақ, мойымайтын. Есесіне «болмаса да ұқсап бағу ұмтылатын». Сіздерге ұсынылған жыр кітабы Жақсылықтың тынымсыз ізденістерінің текке кетпегенін айғақтайды. Мен қуансам осыған қуанамын. Оның өлеңдерінен күйбең тірлікке күйіне білетін жүрегінің жақсылықтың кішкене ғана сәулесін сезінгеніне, қуаныштың ұшқынын көргеніне сүйінетіндігіні байқалады. Бұл Жақсылық ініміздің биік адамгершілік қасиет иесі екендігінің де білгісі.

«Жүрекжарды» шын мәніндегі жүректі жарып шыққан жырлардың топтамасы. Сондықтан да, оның артық-кем тұстары кездесуі әбден заңды. Өйткені, ақын өз жүрегінің әмірінен асып кете алмайды, соның лүпіліне бағынады. Менің пайымдауымша, Жақсылықтың «жүрек қағысы» жаман болмағанға ұқсайды. Ал, біз оның алдағы уақытта бұдан мықтырақ бола түскенін тілейміз. Сондықтанда, шынайы шын жүрегімізбен «Қадамың құтты, қаламың мықты бола берсін, кенші ақын» дейміз.

**Өмірбек Сартов,**

*ақын, кен өндірісінің ардагері*






Жақсылық Омаров

Жүрекжарды

Бірінші бөлім

ТӨГЕДІ ШАҢЫРАҒЫМА  
СӘУЛЕСІН КҮН





## ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЙЫ

Көк байрағы желбіреген төрінде,  
Ұлан асыр той боп жатыр елімде.  
Ата-бабам арман етіп бұл күнді,  
Қызыл қаны өтті емес пе төгіле.

Аруағы бабалардың жебеді,  
Аяғын нық басып елім келеді.  
Бірлігіңді биік ұста, қазағым  
Болашақтың көп әлі де берері.

Көкжиегі көрінбейтін жерім бар,  
Жер қойнауы тұнып жатқан кенім бар.  
Күллі әлемді мойындатып бірлігі,  
Татулығы тамсандырған елім бар.

Құтты болсын қазағымның бұл тойы,  
Күмбір қақсын домбыра мен сырнайы.  
Бөркін атып аспанға, шын қуанып,  
Төгілсінші ақындардың жырлары.

Абыройым аспандасын, өрлесін,  
Жұлдызымыз жарқырасын, сөнбесін..  
«Отыз жеті» оралмасқа жоғалып,  
Ашаршылық енді қайтып келмесін.

Қарғыс атқыр соғыс оты жанбасын,  
Ана жесір, бала жетім қалмасын.  
Қой үстіне жұмыртқалап бозторғай,  
Мамыражай тірлік елде орнасын.

Дұшпандардың толып іші күйікке,  
Жиырма жылда шықтық біраз биікке,  
Желбуаз шақ кейін қалып барады,  
Биікте елім, одан әрі биікте.





## ҰЛЫТАУДЫ ТАНЫСТЫРУ

немесе

Алтай төсіндегі қайынатамды қонаққа шақыру

Киелі Ұлытаудың етегінде,  
Мен дайынмын төбеме көтеруге.  
Төрімде аунап-қунап жатпайсыз ба?  
Немерелер оралып етегіңе.

Алтайдың ел біледі көркін керім,  
Аппақ қар жауып жатқан ең биігін.  
Дегенмен, Ұлытаудың орны бөлек,  
Ежелден білетұғын ел қадірін.

Жазылған Алтын Орда тарихына,  
Тоқтамыс, Едігелер жатыр мұнда.  
Қашаған Ақсақ Темір тасқа белгі,  
Аттанып бара жатып жорығына.

Тарихтан сыр шертетін әрбір тасы,  
Осында шатыр тіккен Хан ордасы.  
Ұлытау Абылайды хан көтеріп,  
«Қазақ» деп атқа қонған Кенесары.

Алаша, Жошыханды көрмейсіз бе?  
Қос Кеңгір – қос ару ғой, сенбейсіз бе?  
Алты Алаш, Үш Жүз басын қосқан жердің,  
Ғажабын көруге бір келмейсіз бе?

Заманның сан зауалын шеше білген,  
Көсемдер тізе қосып шешендермен.  
Ұлытау – Ұлт тауы боп тұр асқақтап,  
Бүгіні кем түспейтін кешегіден.





Тарихтың тұнып мұнда жатқаны шын,  
Айтсам мен айтып тұрмын шет жағасын.  
Күмән жоқ көп кешікпей өзің де, ата,  
Бұрарсың Ұлытауға аттың басын.





## ЖАНЫМА ЖАҚЫН ЖАРАСЫМ

Айналайын, қасиетті Жарасым,  
Көз алдымда сыңғырлаған бұлағың.  
Кіндік қаным топырағыңа тамған соң,  
Сенен артық жерді қайдан табамын.

Қойнауыңда қалды мәңгі ата-бабам,  
Мен олардың рухынан қуат алам.  
Әкемді алып кетсең де тым ертерек,  
Сыйлаған да өзің ғой өмір маған.

Сенен таптым қайғыны, қуанышты,  
Қақтым сенде өмірге қанатымды.  
Өзіңе келген сайын кезіктірем,  
Қалдырып кеткен сенде бала күнді.

Жаныма жақын менің Жарасым-ай,  
Жалғызсың сен мен үшін, дарасың-ай.  
«Әркімге туған жері ыстық» деген,  
Махаббатым боп мәңгі қаласың-ай.





## ЖЕЛТОҚСАН

Мың тоғыз жүз сексен алты желтоқсаны,  
Алматыда күн – суық, түн – ызғарлы.  
Азаттықтың ұрандап шықты алаңға,  
Қазақтың жалын-жүрек ұл-қыздары.

Басын байлап Тәуелсіздік жолына,  
Ынтық болған Азаттықтың таңына.  
Қайраттарды тас қапасақа қамаған,  
Кімдер екен кісен салып қолына?

Ар алдында қалай ғана ақталам?  
Қорқаулар да болғаны рас қаптаған.  
Жүрген шығар арамызда қанышер,  
Ләззаттың аппақ арын таптаған?...

Тәуелсіздік оңайлықпен келген жоқ,  
Өз еркімен ешкім теңдік берген жоқ.  
Желтоқсанда қайғырдым да, қуандым  
Мұз үстіне жаққан Алау сөнген жоқ.

Күні күліп, айы туған оңынан,  
Азат елмін төрткүл дүние таныған.  
...Қазағымның атын жайған әлемге,  
Қасіретті, қасиетті Желтоқсан!





## ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ КӨКТЕМІ

Келді міне жаңа ғасыр көктемі де,  
Көтеріңкі көңіл-күй жер бетінде.  
Үмітпенен қараймын бұл Наурызға,  
Жүрегімде жыр болып тербелуде.

Жаңа ғасыр – жаңа бір жылдың басы,  
Қуаныштан шалқып жүр кәрі-жасы.  
Жылылықтың жылт еткен нышанындай,  
Елдің де домалап тұр өрге тасы.

Шүкір, Құдай, Тәуелсіз ел болғалы,  
Отырмыз-ау он жасқа біз толғалы.  
Оңай жолмен келген жоқ Тәуелсіздік,  
Бабамның аңсап кеткен армандары.

Басынан небір заман өткенінде,  
Қазағым құруға сәл жетпеді ме?  
Ұлы жер Ұлытаудан аруақтанып,  
Қас жауын қанды кешіп жеңбеді ме?

Қызығып талайлар жүр жерімізге,  
Тыныштықты бұзбақ боп елімізде.  
Табалдырық аттаған жаңа ғасыр,  
Тыныштықты сақтасын төрімізде.

Елімнің бірлігін мен армандаймын,  
Мәңгілік аман болсын, орман, тауым.  
Жиырма бірінші ғасырдың өз Наурызын,  
Қарсы алып, мың жасап бір қалғандаймын.





## ТҮСІНБЕЙ ЖҮРМІН ЗАМАНДЫ

Өткердік бастан түрлі де түрлі заманды,  
«Құрамыз» деген құра алмай қалдық қоғамды.  
Атауы «Нарық» деп аталатұғын қазіргі,  
Заманың мынау бұзып барады адамды.

Ақша алға шығып, болып та жатыр Ар ұмыт,  
Ақшадан емес, жүрміз-ау Ардан тарығып.  
Айналаң толған алдау мен арбау болғасын,  
Аңсайды екенсің кешегі күнді сағынып.

Ол кезде аздап болатын еді әділдік,  
Еңбек еттік те орден мен медаль тағындық.  
Дихан болсақ та, шопан болсақ та бәрібір,  
Депутат болып Кремльге барып отырдық.

Келмейді, Уақыт, өзіңе әсте шағынғым,  
Кешегі күндер өткен бір тарих, сағым-жыр.  
Атауы Нарық деп аталатұғын қазіргі,  
Заманның мынау түсінбей жүрмін бағытын.






## АДАЛДЫҢ АТЫН АРЫЛТПАС АЛЛА БӘРІБІР

Қайтейін енді келмейді ашу жинағым,  
Қалдырып көңіл, жүректі жүдеу қорладың.  
Сыйлағанды білмей, сипағанды білмей жүргендер,  
Жоғалтар бір күні адамдық деген сипатын.

Көпіршіктенген көпшікті қойып астына,  
Жанашыр болып, жағымпаз жинап жанына.  
Көріп те жүрмін тірлікте мынау талайды,  
Тағынан түссе жуымас ешкім қасына.

Сөзіңе сеніп қалғанмын сенің арандап,  
Ағымды менің жүр екенсің ғой қаралап.  
Ағалап келіп, батырған арам тырнағын,  
«Дос» деген жігіт жүректі кетті жаралап.

Болды да ұмыт жасаған талай жақсылық,  
Күлетін болар, азу тістері ақсиып.  
Адалдың атын арытпас Алла бәрібір,  
Жалғанда басы қалады жалғыз қақшиып.






## БӘЙТЕРЕККЕ АЙНАЛА МА ЖАС ШЫБЫҚ?

Әуел бастан санасында болмаса,  
Айтқаныңа құлақ қоймас оншама.  
Жастың ары аяқасты болады-ау,  
Өзін-өзі егер қолға алмаса.

Ескермейтін үлкен сыйлау дегенді,  
Тікбақай қыз, тілбезер ұл көбейді.  
Бәрін іштен біліп туған секілді,  
Ақылыңды жөн-ау сірә демейді.

Болмай жатса алға қарай ұмтылыс,  
Қалай ғана жақсарады бұл тұрмыс?  
Жолға салып жіберудің орнына,  
«Жастар қазір бұзылған» деп біз жүрміз.

«Үлкенбіз» деп босқа кеуде ұрмайық,  
Ұлағатты ұрпақ өссе – мың бақыт.  
... Баптамасаң уақытылы суғарып,  
Бәйтерекке айнала ма жас шыбық?





## ҚОНЖЫҚ

Алдарқатар көңілін бүкіл елдің,  
«Рахман қайнарында» қонжық көрдім.  
Доппен ойнап еркелеп жүрген кезде,  
Аюдың қонжығы емес, бала дерсің.

Жас баладан аумайды жүгіргені,  
Нық тұрып аяғына билегені.  
Кәмпит берсең мәз болып кәдімгідей,  
Бермей қойсаң бұртиып, өкпелейді.

Ашуланса торға кеп атылады,  
Көздері қып-қызыл боп шатынайды.  
«Сендерді ұнатпаймын» дегендей-ақ,  
Бетін теріс қаратып отырады.

Қызым оған «Пушок» деп ат қойыпты,  
Кәдімгідей онымен дос болыпты.  
Қолындағы ұсынса тәттілерін,  
Риза боп көтереді төрт аяқты.

Баладай өкпелейтін, сүйінетін,  
Қызығына айналған дүйім елдің.  
«Рахман қайнарында» көрген қонжық,  
Көңілден ұмытылмас көпке дейін.





## ҮЗБЕЙМІН ҮМІТІМДІ

Түсімде бір ақсақал жілік берді,  
Майды жемек ойым бар жіліктегі.  
Қолды салып табақтан алғанымда,  
Көп боп кетті жылқының жіліктері.

Жапырақтап еттерді турап жатыр,  
«Же, балам» деп ақсақал сыйлап жатыр.  
Жілік емес, қарасам енді бір сәт,  
Қолымда қаламсап пен дәптер жатыр.

Бір кезде ақындықты арман еткем,  
Өз дегенін істеді өмір өктем.  
Өкініштер өртейді өзегімді,  
Қатал еді тағдырым мұнша неткен?

Алар ма екем өлеңнен сыбағамды?  
Шақыра ма, білмеймін жыр алаңы?  
Мені бір күш жетелеп алға қарай,  
Көрген түске жүрегім қуанады.

Жақсы ырымға жорыдым мен түсімді,  
Сыбаға жеп, сыйлы боп жүргенімді.  
«Үмітсіз сайтан» деген бар емес пе?  
Мен өлеңнен үзбеймін үмітімді.





### ҚОНАҚ БОЛСАҢ...

Қонақ келсе шын қуанып қаламыз,  
Мол дәмменен кең дастархан жаямыз.  
Нан ұсынып және аппақ көңілмен,  
Деп ойлаймыз көңілін біз табамыз.

Бірақ, олар болады екен әртүрлі,  
Кейбіреудің бір міндеті бар сын-ды.  
Болғаныменен сырт келбеті тартымды,  
Ішкі жағы сездіреді салқынды.

Бал қосқандай етіп беріп тамағын,  
Қымбатынан әкеп қойып арағын,  
Жатсаңдағы жазу қиын екен ғой,  
Тым кірпияз қонақтардың қабағын.

Босағамды аттап аппақ ниетпен,  
Келгендерді қарсы алам шын жүрекпен.  
Сондықтан да, сынамай да мінемей,  
Қонақ болсаң, құтты қонақ болып кел!





## ШҮКІР

Пайғамбардың жасына да тақалдық,  
Бір Алладан тілейтінім амандық.  
Жақсылықпен жауап қатқым кеп тұрар,  
Кейбіреулер жасап жатса жамандық.

Шүкір деймін кейін қалған жылдарға,  
Айым аман, күнім есен тұрғанға.  
Жақсыларды жолықтырып жолыма,  
Дос етпеген қулар менен сұмдарға.

Кездескенмен кейде рас пенделік,  
Ұлы өмірден сабақ алып жөнделдік.  
Ардың туын биік ұстап жүргендер,  
Еш нәрседен көрмек емес кенделік.

Байлық, мансап дегендерге түкірдім,  
Барға дәйім қанағат деп отырмын.  
Адалдықтан айнымасын пікірім,  
Тағдырыма таусылмасын шүкірім.





### ӨСЕК

Сумаң қағып қызыл тіл безектеген,  
Өзегіңді өртейді өсекпенен.  
Бет бұзып, көз шығарып жатпаса да,  
Жұдырықтай жүректі тыз еткізген.

Жазықсыз жанды неге күйдіреді?  
Күйдіреді деймін-ау бүлдіреді.  
Жалған сөз кейде жанға ауыр тиіп,  
Пышақсыз-ақ бауыздап өлтіреді.

Құлақтың естігені жалған білем,  
Осы сөз аталардан қалған білем.  
Өсекке сеніп, ұйып қалатындар,  
Сөзге көзің жеткенше ойлан дер ем.





## ҰМЫТПА

Қиын екен таныс жаннан түңілген,  
Бас көтермей қағазынан үңілген,  
Өзімсініп барғанымды қайтейін?  
Сәлемдестің әрең тілдің ұшымен.

Үзілгендей болды үкілі үмітім,  
Сенім артқан жігіттердің бірі едің.  
Қызметтің кілті қолға тиген соң,  
Құдіретке айналғандай керілдің.

«Ұлық болсаң, кішік болғын, қарағым»  
Өсиетін ұмытпа осы бабаның.  
Ұлағатың болмаса егер, ұмытпа  
Ұлықтығың ұмыт болып қаларын.





## БАУЫРЛАРҒА БАСУ

Өткенімен өз басыңнан ауыр күн,  
Бір Құдайым берсін саған сабырын.  
Қателігіне кешіріммен қара сен,  
Өйткені, ол бірге туған бауырың.

Бір атадан, бір анадан туғасын,  
Мойыныңды қалай бері бұрмайсың?  
Дала гүлін бірге теріп кезінде,  
Ақ жаңбырға бетті бірге жуғансың.

Бір жапырақ қара нанды бөліп жеп,  
Бірге өткізген қызықтарың өте көп.  
«Керек болса әке құнын кеш» деген,  
Айтылмаған қазағымда босқа тек.

Пендешілік патшалығын құрады,  
Мұнысы адам баласына сынағы.  
Азды-көпті өкпе-реніш болғанмен,  
Мүмкін емес сыйластықтың құлауы.

Қысқа өмірде татулыққа не жетсін?  
Ей, жігіттер, бір-біріңе керексің.  
Баласынан артық көрген бауырын,  
Баба аңызды есіңе алғын демекпін.






## ЖІГІТТЕР, МОЙЫНДАЙЫҚ...

«Сенбесең де, жігітім, сенсеңіз де,  
Қыздың жасы мәңгілік он сегізде».  
Деген сөзден қыздарға құрметтің,  
Мәңгілік екендігі сезілмей ме?

Шынында, қыздар – ана, қыздар – дана,  
Патшалар да бас иген аналарға.  
Еліктей еркелетіп біздің қазақ,  
Төрден орын ұсынған қыз балаға.

Өлемнің жаралғандай мөлдірінен,  
Тап-таза таңғы шықтай мөлдіреген.  
Махаббаттың нәп-нәзік символдары,  
Майдандарда танылған ерлігімен.

Көргенде көңіліміз гүлдейтұғын,  
Ауырса жүрегіміз емдейтұғын.  
Жігіттер, мойындайық бақытымыз,  
Арулардың қолында жүргендігін.



### КАФЕДЕГІ ҚАРА ҚЫЗ

«Бәйтеректе» басты қосып, жолығып,  
Шөл баспаққа салқын сыра сіміріп,  
Отыр едік анадайдан даяшы,  
Біздер жаққа қарай берді бұрылып.

«Неге, неге қарай берді мына қыз?»,  
Деп ем Ғалил деді: «өзінен сұраңыз». «Шақырып ал, сосын сырын сұрап біл»,  
Деді және «біздер сыртқа шығамыз».

Әлсін әлсін шылым шегіп алатын,  
Сыртқа сырғып шыға берді қос ақын.  
Сол-ақ екен, жетіп келіп әлгі қыз,  
Деді ағай: «сұрағым бар қоятын».

«Сұра, – дедім, – қандай сұрақ болса да»,  
Жауабына сенімсіздеу болсам да.  
«Айтыңызшы, әлгі ағалар газетте  
Өлеңдері шығып жүрген ақын ба?»

Деген сұрақ қойылғанда таңқалдым,  
Өлеңге ынтық жан екенін аңғардым.  
Кафедегі даяшы боп жүрген қыз,  
Қара өлеңді сүйеді деп ойлар кім?

Әлгі қыздың құлақ түрсем сөзіне,  
Өлең жазып жүреді екен өзі де.  
Поэзия ауылында жүргесін,  
Ақындарды танымауы мүмкін бе?



Сосын, сосын, жақынырақ танысып,  
Аты-жөнін, телефонын алысып,  
Біреп бокал артық тарттық сырадан,  
Қымбат қыздың өлеңі үшін тағы ішіп.

Айтылғансын ақ көңілден ақ тілек,  
Сыраңыз да болып кетті тәттірек.  
Содан бері Қымбат қызға келемін,  
Қара өлеңде биік-биік бақ тілеп.





## ЖОҒАЛҒАНМЕН ЖОЛЫҒУ

Қалған еді бала күннің жапырағы сарғайып,  
Келгендейсің Жалғас досым, сол күндерді қайта алып.  
Өткен шақтың өрнектерін есімізге түсірер,  
Бала шақты аралайық бақшасына бір барып.

Мың тоғыз жүз алпыс үштің қоңырқайлау күзі еді,  
Табиғаттың сондай жұмсақ көрінетін мінезі.  
Нағашы апам алып келіп Шорнақ деген ауылға,  
«Енді, қарғам, сен оқушы болдың» маған деп еді.

Көргенімде интернаттың қоршаланған шарбағын,  
«Мен мектепке бармаймын» деп қиғылықты салғанмын.  
Әуелгіде бір кірген соң сол шарбақтың ішіне,  
Сыртқа қайта шығармайтын шығар деп те ойладым.

Мен осылай барған едім алғашқы рет мектепке,  
Алғаш рет қалам ұстап, жазу жаздым дәптерге.  
Өріп танып, ақтарғанмын әліппенің парағын,  
Балалармен танысқанмын бәрін «жолдас», «дос» деуге.

«Класком» боп жүруші еді Мырзағали «жалпақбас»,  
Қыздарға хат жазғыш еді-ау Серік дейтін сыныптас.  
Тәмпіш мұрын қара қыздар қаншама жыл өтсе де,  
Бұрымдарын тартқылайтын Жақсылықты ұмытпас.

Әлі есімде интернаттың қара өрік бағы да,  
Бала біткен жиылатын осы бақтың маңына.  
Ең алғашқы ұстаздарым Несібелі, Манаттың,  
Мейірімдерін кәдімгідей жүрмін қазір сағына.



Жалғас досым, кездескенім қандай жақсы өзіңмен,  
Сағыныштың тамшылары түсті үзіліп көзімнен.  
Жоғалғанмен жолыққандай күйді бастан кешірдім,  
Ризамын тағдырыма кездестірген сенімен.

Жадыратқан жаздың күні өтіп кетіп барады,  
Жақындаған қоңырқай күз қоңырауын қағады.  
Ұғынғаным бұл өмірде ұмытсаң да басқасын,  
Балалықтың балдай дәмі таңдайыңда қалады.





## БАЛА ҒАШЫҚ

Әлі есімде балғын бала кездерім,  
Көз алдымда қара мөлдір көздерің.  
Сырласпай да, тіл қатпай да жүріп-ақ,  
Бала ғашық еткеніңді сезбедің.

Қандай қиын тілден қалған махаббат,  
Жүрегіме салды бейнең жарақат.  
Кетер кезде борышымды өтеуге,  
Неге саған көп бұрылдым қарайлап?

Сені ойлаумен өтіп сансыз күндерім,  
Жақындауға бата алмай да жүргенім,  
Еске түссе өз өзімнен ұялып,  
Өзімді өзім әлі күнге тілдеймін.

Қырық жылдай өткенде уақыт арада,  
Ойда жоқта жолықпасақ бола ма?  
Немересін жетелеген ақ әже,  
Өткен күнді жаңғыртты ғой санада.

Елестетіп ару Алтай маралын,  
Бала кезге қайтадан мен оралдым.  
Күз түскенде көктеміне жолыққан,  
Менен асқан бақыттыны табар кім?





## СӨНБЕЙДІ ЕКЕН ЖҮРЕКТЕГІ СӘУЛЕЛЕР

Естелік боп сонау жастық шақтардан,  
Жанарымда нұр бейнесі сақталған.  
Сол аруды жолықтырдым түсімде,  
Бақ ішінде алуан гүлі жайқалған.

Ғашық еткен сыңғырлаған күлкісі,  
Өзгеріпті түсініксіз бір түрлі.  
Өткен күннен қалған бар-ау өкпесі,  
Алмай қойды қолымдағы гүлімді.

Жұмбағы мол жанарымен қарады,  
Ал, мен болсам тілдескім кеп барады.  
Сұлулығы Қыз Жібектен кем емес,  
Үстінде сол қызыл көйлек баяғы.

Сағыныштың сан азабын шеккенмен,  
Қайта оралып келе ме екен көктемдер?  
Түсіме еніп жүргені оның неліктен?  
«Өзге ошақтың отын жағып кеткенмен».

Пенде болмас тағдырына көнбеген,  
Емші-уақыт бар жараны емдеген.  
Жолдар екі айырылса да, ұққаным  
Сөнбейді екен жүректегі сәулелер.





«ОРТА ЖОЛДА...»

Атам Нубарак Ыбырайұлына

Шал айрылды сыңарынан мәңгілік,  
Түсті еңсесі, қанатынан қайрылып.  
Арыстандай адуынды ақсақал,  
Отыр енді бар үмітін сөндіріп.

Жансыз жатқан кемпіріне қарайды,  
Еске түсіп өткен күндер талайғы.  
Ұлы да бар, қызы да бар, бірақ та,  
Кемпіріндей көре алмайды оларды.

Жетімсіреп қалды – ау енді көңілі,  
Келіндерге өтпес оның әмірі.  
Жартығасыр қол ұстасып жүргенде  
Жарты жолға тастап кетті-ау серігі

Кәрі жанар көз жасына малынып,  
Тағдырына әлденеге шағынып.  
Отырғанын көрген кезде мен-дағы,  
«Мынау неткен, – деп ойладым, – ауырлық».

Қайран өмір, қайсар шалды құлатты-ау,  
Жыламаған жанды солай жылатты-ау.  
«Орта жолда...» деп келетін бір сөзді,  
Бабаларым біліп айтқан екен-ау.

Көріп мұны ауыр тартты жүрегім,  
Орта жасты мойындамай жүр едім.  
«Ажал мені алар кезде әйтеуір,  
Кемпірімнен бұрын ал» деп тіледім.





## АДАМ БАЛА СҰРАЙДЫ ЕКЕН ҚҰДАЙДАН

Сәби келді ата-анасы қуанды,  
Неше тілек айтылды ғой ұранды.  
Түн ұйқысын төртке бөліп көз ілмей,  
Атырды ғой олар талай таңдарды.

Мектепке әкеп өз қолымен жетелеп,  
Той жасалды, ат шаптырып керемет.  
Алыс кеттіп армандары аңсаған,  
Сондай көркем көрінетін келешек.

Өсті ұлы қатарының алды боп,  
Аппақ келін шаңыраққа енді кеп.  
Мұны көріп мез болды ата-анасы,  
Тағдырына өкпелейтін жөні жоқ.

Бірақ, ұлы бір күндері бұзылды,  
Көрсететін болды жиі қызуды.  
Сәл нәрсеге шу шығарып, айғайлап,  
Ақыл емес, жұдырыққа жүгінді.


Қандай шайтан кіріп кетті араға?  
Ертеңіні болжап сірә, бола ма?  
Басқа жаққа көшіп кетті бір күні,  
Ата-анасын жалғыз тастап қалаға.

Сондан бері өтсе дағы қанша жыл,  
Бір хабарын берген емес жаман ұл.  
Ертең дүние төңкеріліп түскенде,  
Топырағын кім салады бұлардың?





Адам бала сұрайды екен Құдайдан  
Перзент сүю – шынында да ұлы арман.  
...Көрші шал мен кейуананы көргенде,  
Өз-өзімнен іштей қажып, мұңаям.





## ҚАТЫГЕЗ ҚЫЗ

Бір сұмдықты телидидар көрсетті,  
Жүрек жылап, жаным содан түршікті.  
Өз әкесін қуып шыққан үйінен,  
Ұялмай ақ отыр әлгі қыз тіпті.

Аяуы жоқ қандай жан жүрегінде  
Өскен жоқ па сол әке жетегінде  
Бағып қағып, жеткізген әкені енді,  
«Қарттар үйі» төріне жетелеуде.

Неге, неге жылатты өмір мұны,  
Қалай, қайтсе кетеді көңіл кірі.  
Достарымен мәз болып тойлады ғой,  
Дүниеге осы қыз келген күні.

Қызық еді қызының әр қадамы,  
Көремін деп қызығын армандады.  
Сөйткен үміт сәуленің бәрі сөніп,  
Қинады ғой арманы алдағаны.

Жаратылған перзенті ауыр еттен,  
Қатыгездік танытты. Ауыр неткен?!  
Тоқсан беске келгенде өз қызынан,  
Мұндай қорлық тартам деп ойлап па екен?

Әкесін қуып жатса жалғыз қызы,  
Заманның бұл да нәубет, зұлымдығы.  
«Баланы жастан» деген бар емес пе?  
Ендеше, дұрыс болғай бесік жыры.



## ПЕРЗЕНТІНІҢ РАХАТЫН КӨРМЕСЕ...

Кейуананың өзек етіп тағдырын,  
Жазылған бір мақаланы оқыдым.  
Зейнет көрер жасында да бейнеті,  
Таусылмаған көрінеді кемпірдің.

Жалғыз ұлы болар деген тірегі,  
Ішкілікке салынумен жүреді.  
Отбасының берекесін алған соң,  
Төркініне кетіп қапты әйелі.

Жалғыз кемпір... жалғыз ұл мен немере,  
Тағдыр-талай дегеніңе көне ме?  
Өзін қойып баласын да араққа,  
Баулығаны болмақ қандай өнеге?

Қабырғасы қайысады соны ойлап,  
Аппақ таңдар неге атпайды арайлап?  
Перзентінің рахатын көрмесе,  
Қалай ғана ол бақытты бола алмақ?

Бейнет шегіп, зейнет көрмеу заң ба екен?  
Байғұс ана... қанша өмірі қалды екен?  
Құрсағынан жарып шыққан баланың,  
Азабынан артық азап бар ма екен?

Ұрпақ сүю – әр пенденің арманы,  
Шаңырақтың онсыз мәні болмайды.  
Дегенменен, перзент берген Тәңірім,  
Қайырымын қосып берсе болғаны.





## ХАЙУАНДАР ДА БЕЗБЕЙДІ БАЛАСЫНАН

«Небары жасым менің он тоғызда,  
Тағдырдың маңдайға осы жазғаны ма?  
«Сүйемін» дегеніне сеніп жүріп,  
Іліндім алдау-арбау қармағына.

Қалмады барар жерім, басар тауым,  
Жылаумен жасқа толы көз жанарым.  
Амалым қалмағасын келіп тұрмын,  
Баламды алыңызшы, ағатайым».

Жап-жас қыз осылайша жалынады,  
Бейнебір күздің әлсіз жапырағы.  
«Балалар үйі» дейтін мекеменің,  
Бастығы болса үнсіз отыр әлі.

Сөйлесе мына қызға не демекші?  
Сәбидің қалай болмақ келешегі?  
«Балама келіп, кетіп тұрам» дейді,  
Көңілдің сирек соған сенетіні.

Талай қыз нақ осылай келген жылап,  
Айтатын сан «хикая» ойдан құрап.  
Сәбиін бір өткізіп алғаннан соң,  
Ат ізін таба алмайсың елден сұрап.

Қылығы қыздың оны қинап отыр,  
Ашуы терісіне сыймай отыр.  
«Тоғызы он баланың мұнда қазақ,  
Құдай-ау, ұлтым қайда бара жатыр?

Тек қана жас қыздарға кінә артпалық,  
Кеткен бе жігіттер де ұсақталып.





Орнына не өнеді өкінгеннен,  
Жасарын алдыменен жасап алып».

Қайтеді, қалады ғой сәбиді алып,  
Өкімет өлтірмейді, бағады анық.  
Тасбауыр ана атанып жүргеннен де,  
Сәбиін әлдилеген қандай бақыт?!

Билесе жалған ұят, жалған намыс,  
Мұнымен қалай арлы ел боламыз?  
Хайуандар да безбейді баласынан,  
Осыны неге біздер ойламаймыз?

Қимайтын жамандыққа дұшпанын да,  
Қасиетке бір сызат түскені ме?  
... Әлгі қыз жалт бұрылып жүре берді,  
Ақырғы рет сәбиін ніскеді де.





## ШЕМЕН ШЕР

### *Баласы:*

Айтыңдаршы, қай адамнан жаралдым,  
«Мүмкін емес жоқ болуы анамның».  
Мейірімін төккенменен басқалар,  
Өз анамды іздеуменен алаңмын.

Сол бір күнді армандаумен келемін,  
Қашан, қашан мен анамды көремін?  
Қоса жылап жүргенімді кім білер?  
Мейрамбектің тыңдағанда өлеңін.

Перзентхана есігіне тасталған,  
Сәттен бастап «тастанды» өмір басталған.  
«Бозторғайдың» әнін тыңдап тұрғанда,  
Өз торғайын іздемейді неге анам?

### *Анасы:*

Кешір балам, қателескен анаңды,  
Қалай ғана жасадым сол қадамды?  
«Өмірімді өксітті» деп әкесі»,  
Мен жылатып кеткен едім ботамды.

Содан бері мен де жылап келемін,  
Іздегенмен, беймәлім боп дерегің,  
Таптырмайсың, қайда жүрсің, құлыным?  
Бауырыма басып қашан өбемін?

«Өскен шығар азамат боп ендігі ол,  
Тау тұлғаға айналды ма ел білер?»  
Деп ойлаймын аңсағанда өзінді,  
Жүрегімде жатқан шерді кім емдер?

**Баласы:**

Жандарынан әрқашанда табылар,  
Ата-анасы бар баланың бағы бар.  
Мен оларға қызығумен қараймын,  
Менің де айым туар ма екен оңынан?

Үкілі үміт дәйім алға жетелеп,  
Жанарымнан жас тұрса да себелеп.  
Анам кіріп келетіндей сезінем,  
Нұр шуаққа шомылып бар төңірек.

Бірақ, бірақ алдаумен жүр арманым,  
Орындалмас сірә менің ойдағым?  
Маңдайымнан анам келіп иіскесе,  
Дүниедегі ең бақытты болғаным.

**Анасы:**

Құдай мені жазаласын, жылатсын,  
Сенің ешбір күнәң жоғы бірақ, шын.  
Сондықтанда, мен көрмейтін бақыттың,  
Қақылысың жағу үшін шырағын.

Запыранын жұтып ащы құсаның,  
Дем біткенше қайтем енді шыдармын.  
Теріс басқан бір қадамым арқылы,  
Тағдырыма балта шапқан шығармын?

**Баласы:**

Асыл анам – аңсаған бар арманым,  
Сені іздеуден шармаймын, талмаймын.  
Сен бақытты сезінбесең өзіңді,  
Мен де, әрине, еш бақытты болмаймын.



**P.S.**

Бір қателік жылатып жүр қос жанды,  
Жоғалғандықанын адам оңай таппайды.  
Қатесіне қайғырғанды шынымен,  
Құдай сөзсіз тура жолға бастайды.

Кім бар дейсің шалыс қадам баспайтын?  
Кешірілмес күнә жоғын қостарсын.  
Қос мұңлықтың жылай бермей, тілейік,  
Тоғыстырып бастарын бір қосқанын.





## ӨЛЕҢДЕРІМ

Жүрегімді жылытатын жалыным,  
Өн бойыма қан жүгіртер тамырым.  
Өмірімнің күнтізбесі секілді,  
Өлендерім – таразысы арымның.

Әрбір өлең – жаңа туған сәбиім,  
Емшісі ол менің көңіл-күйімнің.  
Өмірімнің серігіне айналған,  
Өлең, сенің құдыретінді ұғындым.

Өлеңменен өміріме көз салам,  
Онда менің өмірім бар маздаған.  
Биік ұстап ар-ұжданды әрқашан,  
Арым таза ғұмыр кештім дей алам.

Сондықтан да қымбат маған өлеңім,  
Өлеңіммен ертеңімді көремін.  
Көңілімнің көркем сөзі арқылы,  
Бүгін, ертең тани жүрсін мені елім!






**ЕҢ БАҚЫТТЫ ТҮН**  
*Аяулы жарым Жамигага*

Шабыт келсе ойда-жоқта сұрапыл,  
Ұйқысынан түн ортасы тұратын.  
Елең қылмай тек өзінен басқаны,  
Өлең жазып отыр мұнда бір ақын.

Ал, сен болсаң тәтті ұйқыңды қимайсың,  
Мені және «ұйықтасай» деп қинайсың.  
Қайдағы ұйқы, қайдағы ұйқы, жаным-ау,  
Шырмауына түсіп кеттім «шимайдың».

Қолда қалам, алдымда ақ парағым,  
Қарсы аламын аппақ таңның арайын.  
Құмнан алтын іздейтіндер секілді,  
Қара өлеңнің іздестірем орайын.

Шабыт келіп, қолын бұлғап тұрғанда,  
Қиналмаймын ұйқы қашқан түнге онша.  
Ең бақытты түнім менің сол болар,  
Егер сол түн бір өлеңге айналса.



## КЕШІР МЕНІ, ҚАРА ӨЛЕҢ

Кешір мені қасиетті қара өлеңім,  
Қара өлең ғой – қара сөз кемеңгерім.  
Енші алған балаң ем бір кездегі,  
Есігінді сығалап қайта келдім.

Кеткен соң тіршілікпен араласып,  
Өлең жағы қалды ғой қара басып.  
Құдіретінді түсінбей, қара өлеңім  
Жүрген екем өзіңнен мен адасып.

Кім біледі не тосар әлі жолда,  
Сүйреуші еді әрқашан арман алға.  
Періште емес пендемін ғой, кешір мені  
Қалам алдым тәуекел қайта қолға.

Тәуекел деп қайта келдім босағана,  
Қай бала деп қара өлең тосала ма?  
Тіршілікпен таусылмас далбасалап,  
Құр кеуде боп жүріппін мен далада.

Кеш түсіндім қара өлең қадірінді,  
Анамдайсың сен менің мейірімді.  
Соқпақтармен соқтығып мен көрейін,  
Тек қана қайтармашы көңілімді.

Рұқсат беріп маған сынап көрші  
Өкпелетер жайым жоқ енді сені  
Мұқағали ағамдай көрейінші  
Қайта жауып өзіңе шекпеніңді



Сен – ақсақал отырған төрімізде,  
Ақындарға бір өзің төреші де.  
Тастамай терең теңіз жағасына,  
Мінгізіп ала кетші кеменізге.




## СЕН ОҚЫШЫ ЖЫРЫМДЫ

Газеттерден өлеңімді көріпсіз,  
Жүрегімнің лүпіліне сеніпсіз.  
Жан жібітіп жіберген соң жылы сөз,  
Тағы қолға қалам алдым еріксіз.

Қағаз, қалам ажырамас серігім,  
Өлеңдерім – ұққандарға өмірім.  
Сізден мақтау естігелі шын айтам,  
Көтеріліп қалды-ау рас көңілім.

«Бар ма екен жан мені бір күн түсінер?»,  
Ой теңізін осылайша кешіп ем.  
Сол сәттерде жылы лебіз есіттім,  
Шыққандай бір жан екенсің пейіштен.

Көңілін жаз етіп қойған ағаңның,  
Жүрегіңнің лүпілінен айналдым.  
Оқымаса оқымасын басқалар,  
Өлеңімді сен оқышы, қарағым.





Жақсылық Омаров

Жүрекжарды

Екінші бөлім

**АҒЫНАН АҚТАРЫЛСЫН  
АҚ КӨҢІЛІМ**





## АМАНАТ

Тақтадан көріп есімді,  
Көзімнің жасы төгілді.  
Келіп тұрмын басыңа,  
Тарқатқалы шерімді.

Көтерші әке, басыңды,  
Төккізе берме жасымды.  
Сырласып бір сәт кетейін,  
Жүректен төгіп мұңымды.

Өзіңнен қалған қаным бар,  
Жаралы жүрек жаным бар.  
Қанаты сынған құстаймын,  
Қамқоршым қайдан табылар?

Жақсылық деген маған ат,  
Өзіңнен қалған аманат.  
Жаман атым шықпады,  
Соған да шүкір, кнағат.

Өзіңіз өтті күндерім,  
Жоқ дегенге сенбедім.  
Жанымда болмай өзіңіз,  
Ауырды талай жүрегім.

Тұрмадым көппен қатарда,  
Көтердім тағдыр сан сынын.  
Күресіп жалғыз жеңе алмай,  
Өтіп те жатыр ғұмырым.





Арамдыққа бармадым,  
Алаяққа алдандым.  
Аманатқа қиянат,  
Жасамау жалғыз арманым.

Көрсем де талай өмірді,  
Қалдырғым келмес көңілді.  
Қабағын бағып басқаның,  
Тілдерім талай кесілді.

Жүрекке түсті қайғы көп,  
Басыма тиді таяқ көп.  
Бәрін де әке, көтердім,  
Жатса да жаным шерлі боп.

Түрінді, әке, көрмедім,  
Мейіріміңе шөлдедім.  
Сағынып сені сарғайып,  
Басыңа талай келгенмін.

Өзіңді іздеп анам да,  
Артыңнан кетті шалғайға.  
Қайғыма қайғы қосылып,  
Мен қала бердім жалғанда.

Бәрі де тынды-ау дегенде,  
Өзіме өзім келгенде.  
Айрылдым кіші ұлымнан,  
Он беске енді келгенде.

Шыға да алмай көңілден,  
Сабақ та алмай өмірден.  
Байқамай аяқ басам деп,  
Өмірде талай сүрінгем.



Жетелеп алға ұлы үміт,  
Жатсам да жолда сүрініп,  
Дұшпаным таптап өтетін,  
Жатпасам деймін жығылып.





## АНАМДЫ АҢСАҒАНДА

Ауыл бардым, кең байтақ дала көрдім,  
Дала емес ау ақ жаулық ана көрдім.  
Қарт ананың алдында отырғанда,  
Жас сәбиге айналып шыға келдім.

Өз анамның ұқсаттым келетіне,  
Көңілімді сағыныш тербетуде.  
«Қандай шіркін бақытты досымменің,  
Мынадай анасы бар жер бетінде».

Кенжесі қырық жасқа келіп қапты,  
Анасы асты үстіне түсіп жатты.  
«Шырағым, қайда жүрсең аман бол» деп,  
Бақыт тілеп ұлына кемсең қақты.

Қырыққа келген ұлы еркелейді,  
Көкке жетіп тұрғандай төбелері.  
Қызғаныштан қызығып қарай бердім,  
Ерте айырды анамнан өмір мені.

Өкініштен өксиді жүрегім де,  
Сағынумен анамды жүремін де.  
Менде қазір бәрі ар, дегенменен,  
Жалғыз анам жетпейді бұл өмірде.





## ӘКЕМ ТУРАЛЫ НЕМЕРЕМЕ ӘНГІМЕ

Өмір мені қайғыменен қарсы алған,  
Анам байғұс жоқтауменен жұбатқан.  
Мен інгәлап келген күні атаңды,  
Сұм ажалдың оғы тиіп құлатқан.

Әкесіз мен талай рет күрсінгем,  
Түзу жолда келе жатып сүрінгем.  
Ақыл айтып, жөн сілтеген сәттерде,  
Дұрыс түсін, мұның бәрін, ұлым сен.

Маған сыйлап кейінгі бар ғұмырын,  
Кетті ме әкем, біле алғандай мұны кім?  
Мен әкемді ешқашанда көргем жоқ,  
Ес білгелі аруағына сыйындым.

«Әкең сенің сақы жігіт атанған,  
Жаста болса ақын болып танылған.  
Үміт үзбей бұл өмірден кетерде,  
«Жақсылық» деп ат қойығаны сондықтан».

Мына жалған дүниеден өтер күн,  
Соңғы сөзі осы бопты әкемнің.  
Әке үмітін ақтау үшін талпынып,  
Тағдырымның талай жүгін көтердім.

Кейде қолды қысқанымен тапшылық,  
Көңілімде тұрғандай-ақ бақ тұнып.  
Адамдарға аз да болса әрқашан,  
Жасауға мен асығамын жақсылық.



Болған шығар бұл да атаңның арманы,  
Адастырмас бізді адалдық жолдары.  
Ата аруағы, әке көңілі алдында,  
Сен де адал болсаң, ұлым, болғаны.





**ҮШ ЖЕТІМДІ ЖЕТКІЗІП КЕТКЕН  
АСЫЛЫМ**  
(Хадиша анамның рухымен сырласу)

Ұлымды алып, келінді алып қасыма,  
Арнайы, апа, дұға арнай келдім басыңа.  
«Сағынышымды басар ма екем» деп тұрып,  
Тағы да ерік беремін көздің жасына.

Сағыныштың да, өкініштің де жасы бұл,  
Төмпешік болып, тып-тыныш қалай жатырсың?  
Тым болмағанда басыңды бір сәт көтерсей,  
Үш жетімекті жеткізіп кеткен асылым.

Тумағанменен туғандай етіп өсірдің,  
Балалықты да, шалалықты да кешірдің.  
Өзіңнен өрген бес қозыңменен тең тұтып,  
Жетімектердің кем етпегенсің өмірін.

«Ешкімнен әсте өсірмеймін, - деп, - кем қылып»,  
Біздерге қамқор, қорған боламын деп жүріп,  
Азаптың апа, тартып жатсаң да сан түрін,  
Жүруші ең бәрін қайсарлығыңа жеңдіріп.

Біз үшін орның айрықша адам болғансыз,  
Мейіріміңе бөленіп өстік армансыз.  
Туыстарымыз іздеп келгенде өзіңнің,  
Құшағыңа барып тығылушы едік сонда біз.

«Хатша апа» деп ел қадірлеп өткен анам-ай,  
Өкінішімнің тарқамайтыны жаман-ай.  
Өз қолымменен арулап сені қоя алмай,  
Әскерде жүріп топырақ қалдым сала алмай.



Жақсылығымды көргенде ессіз қуанған,  
Бақытты шағың есімнен сірә, шығар ма?  
Рухыңменен желеп те, жебей жүр бізді,  
Боласың, апа, мәңгілік менің дұғамда.





**ОРЫНДАРЫҢ ТӨРІ БОЛСЫН ЖҰМАҚТЫҢ**  
*Аналарым Хадидша және Тұрсынқұл Жақып қыздарының*  
*аруағына*

Осы жерде жатыр менің қос анам,  
Қалай ғана екеуін мен бөле алам?  
Бірі - өмірдің тура жолын көрсетіп,  
Бірі - ыстық құшағына ораған.

Қос төмпешік болып жатыр қос анам,  
Көңіл босап, жанарыма жас алам.  
Тым болмаса бірің тірі болғанда,  
Шалқып, тасып жүрмес пе еді бұл балаң?

Сендер едің - шалқар көлім, тереңім,  
Сол көлдерді іздеп, аңсап жүремін.  
Орындарың төрі болсын жұмақтың,  
Бір Алладан осы жалғыз тілегім.

Өмір алға жылжитыны заңдылық,  
Біреу «аға», біреулер жүр «шал» ғылып.  
Бірақ, сәби болып қалам сендерге,  
Сағынышы тарқамайтын мәңгілік.





## ӘКЕСІЗ ӨСКЕН ҰЛ ЕДІМ

Әкесіз өскен ұл едім, әке боп маған жолықтың,  
Өзің арқылы әкенің қадірін ата, мен ұқтым.  
Қаншама жерден ренжіп тұрғаныңменен ешқашан,  
Білдірмей бірақ, соныңды қатты сөз айтпай кетіпсің.

Тағдыр-ай десей, мінеки, сенің де орның көкте тұр,  
Жатады қазір өзіңнің аталық сөзің жетпей кіл.  
Немерең келді басыңа көктастан белгі қоям деп,  
Өзіңе деген танытып құрметі менен сезімін.

Әкесіз өскен ұл едім, балаңдай көрдің сондықтан,  
Өтелмей қалған қарызым алдыңда ата, мың батпан.  
Алтайдың жатсың өрінде мәңгілік қалың ұйқыда,  
Жаныңыз нұрлы жан едің, жақындай түсіп нұрлы аспан.





## ДОСТЫҒЫМЫЗ СӨНБЕСІН

Интернатта қара нанды бөліскен,  
Кешелері тай құлындай тебіскен.  
Жастар бүгін Алматыда бас қосып,  
Құшақтасып, қауқылдасып көріскен.

Әбдіғани, Рысдәулет, Сәрсенбай,  
Бастарыңды қосқан екен бір Құдай.  
Алтай жақта жүрмегенде өзім де,  
Сендермен бір жүрер едім шаршамай.

Ай- хай шіркін, «жетпіс төртте» түлеген,  
Бәрінің де қадірінді білем мен.  
Бір жүз грамм «мен үшін» деп алыңдар,  
Жүрегім бір соғып тұр ғой сендермен.

Сыныптастар бас қосқан жер Алматы,  
Жастық шақтың жұмақ бағы, жанныаты.  
Қаншама дос тапқанменен өмірде,  
Бала кезгі достарыңдай болмайды.

Мектептегі оқушы едік кешегі,  
Азаматқа айналдық па көшелі?  
Отағасы бір-бір үйдің атандық,  
Туған елге еңбек етіп еселі.

Қандай ғажап, бастарыңды қосқаның,  
Бірліктерің тарқамасын, достарым.  
«Достығымыз сөнбесін» деп ешқашан»,  
Көтерілсін бал шараптан тостарың.





## БОЛАСЫҢ ӘЛІ-АҚ ӨНЕР МҰЗБАЛАҒЫ

(Сазгер бауырым Айжігіт Асановқа)

Байқамадым күз де келіп қалғанын,  
Өте шығып жадыраған жаздарым.  
Бала едік қой арман қуған кешегі,  
Өмір деген осы екен ғой қас-қағым.


Апайлар ұнататын қара бала,  
Қосылып сыр шертер еді гитараға.  
Әндерін халық жатқа айтатұғын,  
Әйгілі сазгерге де айналған ба?

Жолдарда біздер рас тоғыспадық,  
Бір жүріп әзіл-қалжың қағыспадық.  
Күнбе-күн жүрмесек те кездесіп біз,  
Демеймін көңілдерден алыстадық.

Арқаланып арқадан барғанымда,  
Қуаныштан нұр төкті жанарың да.  
Өмір қанша іздерін салғанменен,  
Сол Айжігіт Асанов қаз-қалпында.

Қуандым сені көріп, тасып көңіл,  
Атыңды сырттан мақтан ететінмін.  
Талай-талай байқаудың жұлделерін,  
Белгілі іліп кетіп жүретінің.

Анық қой атакқұмар емесің де,  
Еңбектерің сақталар ел есінде.  
Әндерің ел-жұртыңа кең жайылып,  
Көтерер әлі халық төбесіне.





Сен дер ем Шәмші ағаның ізбасары,  
Боласың әлі-ақ өнер мұзбалағы.  
Өн-өнер аспанында қалықтай бер,  
Жігіт боп басқалардан озған бағы.





## БІР АЙТУЛЫ АЗАМАТЫ АРҚАДАҒЫ

*Рысдаулет Есімовке*

Сексен бірде келген еді ол жолдамамен Арқаға,  
«Политехты» бітірген дипломы қалтада.  
Өмір жолын өндірісте «алпыс бестен» бастады –  
Талай мықты шыққан алып шахтада.

Еңбек етті күндіз-түні уақытпен санаспай,  
Қиындыққа төзе білді, шыңдалған сом болаттай.  
Көре алмайтын көрмедіктер бар емес пе қайда да,  
Жүргені рас біреулердің сырттай оны жаратпай.

Әрқашанда өз дегенін білімімен дәлелдеп,  
Жүре берді әлгі жігіт еңбегім бір жанар деп.  
Шынында да, төккен тері босқа кетпей ақыры,  
Абыройдың биігіне көтерілді өрмелеп.

Отыз жылдай қызмет етті кенші болып еліне,  
Қос ордені жарқырайды кеудесінен бүгінде.  
Талай-талай тұлпар мінген, мақтаулары қаншама,  
Тоқтамай-ақ қоялықшы бірақ, соның бәріне.


Ел біледі шыққан оның биік-биік тауларын,  
Орындаған ердің бірі ойындағы арманын.  
Шынымды да, сырымды да жайып салсам егерде,  
Сол жігіттің арқасында мен де кенші болғанмын.

Оңтүстіктен келгенімде құрақ ұшып қарсы алды,  
«Аштықта жеген құйқаны ұмытуға болмайды».  
Бір бөлмесін босатып, бір жыл тұрдым сонда мен,  
Қайсы бірін айтайын, жасады бар жағдайды.



Осылайша басталған Арқадағы өмірім,  
Содан бері Рысдәулет ең жақыным, серігім.  
Қолдан келсе жақсылық бәріне де жасайды ол,  
Ұғынуға ұмтылып адамдардың көңілін.

Күллі әлемді таба алмайтын аралап,  
Міне, осындай бір інім бар, жамағат.  
Тоқ етері, Рысдәулет Есімов,  
Арқадағы бір айтулы азамат.





## СҰҢҚАР ЖІГІТ

*Алматыда тұратын туысым Нұртас Тәтішевке*

Бара қалсақ ұмытатын бар шаруасын, жұмысын,  
Алматыда тұрып жатыр менің Нұртас туысым.  
Қонақтарын құрақ ұшып, жаны қалмай күтетін,  
Құдай артық жаратыпты оның бақ пен ырысын.

Пенде бәрін табады деп жатады ғой пейілден,  
Бабалардың түйіндеген бұл сөзінің өмірден,  
Растығын, мен өзінді көрген сайын сезінем,  
Әсте қонақ арылмайтын шаңырағының төрінен.

Мен білетін Алматыда сенен жомарт жоқ шығар?  
Келінге де мың рахмет, танытатын көп шыдам.  
«Қырық қонақ күтіп алсаң, бірі – Қыдыр» деген бар,  
Содан ба екен жайлауың кең, қойнауың мол басқадан.

Қанша айтсам да білем, білем кем түседі мақтауың,  
Сен – сұңқарсың жан-жағына шашып жейтін тапқанын.  
Қатарыңнан ойыңды озық етіп жүрген білем бойыңда,  
Қасиетті Тәтіш атам тектілігі жатқанын.



## АЛТАЙДЫҢ НАҒЫЗ ҚАЗАҒЫ

*Еркін Тоқтасынұлына*

Демалуға келе жатып Арқадан,  
Жігіт көрдім нарық заман қыспаған.  
Өскеменнен такси жалдап, Топқайыңға апарды,  
«Қонақ бол» деп мал сойдырып марқадан.

Тиын санап жүрген мына заманда,  
Таңырқадым Еркін деген балама.  
Өзі ауырып емханада жатқанмен,  
Адалдығын көрсетті анық досына.

Досы екен біздің ұлдың бұл жігіт,  
Қызмет етті алдымда зыр жүгіріп.  
Кетті менің көңілімді көтеріп,  
Жүрісінен тектілігі білініп.

Жыл толыпты ауыр қаза болғалы,  
Шаңыраққа тағдыр сынақ салғалы.  
Әкесі мен бірге туған бауырдың,  
Бір-ақ сәтте мәңгі ғайып болғаны.

Мойыта алмай ажал неме бұларды,  
Шаңырақтың үзілмеген қонағы.  
«Орнында бар оңалар» деп, ертеңге  
Үміт артып отыр ғазиз анасы.

Қайран әке, алпысқа да келмеген,  
Ұрпағының қызықтарын көрмеген.  
Өзі өмірден өткенменен артында,  
Жақсы істері бірге жасар елменен.



Анасының тіреуіне айналып,  
 Әр қадамын басып жүрген оңға анық.  
 «Нағыз қазақ кім?» дегенге Алтайда,  
 «Еркін» дер ем жатпастан еш ойланып.



**ЕЛ БІЛЕТІН ҚАЙРАТКЕРСІҢ**  
*Сыныптасым Сәрсен Көшенұлы Бейсековке*  
*Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері*  
*атағы берілгенде*

Бірге тарттық балалықтың бал дәмін,  
 Бір көтердік жастық шақтың жалауын.  
 Өткеніме көз жүгіртіп қарасам,  
 Зымырауда өмір деген қас-қағым.

Өзгермепті қыздай сенің мінезің,  
 Қуанышқа толы менің жүрегім.  
 Ізденумен алға ұмтылып жүруші ең,  
 Қайраткерсің енді халық білетін.

Мінезіңді өзгертпеген заманым,  
 Құтты болды әрбір сенің қадамың.  
 Есімінді күллі халық білетін,  
 Ортамыздан озып шығып жарадың.

Қайда жүрсем айта аламын мақтанып,  
 Жыр арнадым жүрегіммен шаттанып.  
 Құтты болсын, алған мына атағың,  
 Өтелді ғой маңдай терің бақ жанып.

Қадірің бар артық кейде туыстан,  
 Өнер жолын жандар ек бір қуысқан.  
 Мерейді бір тастадың ғой көтеріп,  
 Сары бала, шыққан біздің сыныптан.



### ҚАСЫМХАНҒА ХАТ

Қазіргі қазақ поэзиясындағы шоқтығы биік ақындардың бірі сыныптас досым Қасымхан Бегманов екендігін мақтан тұтамын.

*Автор*

Оқып шықтым, Қасымхан, сенің жырыңды,  
Түсіндім сосын жүректе жатқан мұңыңды.  
Қазақтың өзі секілді қара өлеңмен,  
Ақтарып салған екенсің барлық сырыңды.

Анамыз жатқан, әкеміз жатқан жонында,  
Жақында жолым түскен - ді туған ауылға.  
Балалығыммен кездесіп қайттым сонда мен,  
Сәулелі сәті өшпейтін мәңгі санада.

Жаныма жақын «Үлгілі» ауыл мектебі,  
Сол жерде қалды өмірдің біраз өткелі.  
Біз едік оның алғашқы қарлығаштары,  
Қырық жыл өтті-ау ұядан ұшып кеткелі.

Есінде болар, Құрбанбай, Елғон сыныптас,  
Туыстар едік, құрдастар едік біз сырлас.  
Бегайым сұлу бәріміз ғашық болатын,  
Қыз еді қандай нәп-нәзік қана талдырмаш.

Жайқалып өскен ауылдың алма бақтары,  
Өзіне қарай қаншама мәрте тартпады?  
Ташмахан ата тұз толы білте мылтықпен,  
Есінде шығар, біздерді талай атқаны.

Бүгінде досым, осының бәрі өзгерген,  
Ағалардың да қатары сирек көз көрген.




Ақсақалдарына айналған ауыл, аймақтың  
Кешегі бұзық сыныптастарымды көрдім мен.

Өздерін гүлдей, көретін кеше тілін - бал,  
Арулар көріп «ауырып» қайттым ауылдан.  
Бала шағымды сағынтып тіпті, жіберді,  
Сыры кетсе де, сыны кетпеген сұлулар.

Топырағында бірге ойнап өскен ауылдың,  
Өмірден бәрі тапқаны рас орынын.  
Сен болсаң, досым, ілесіп Абай көшіне,  
Құллі қазақтың ақыны болып танылдың.

Қара өлең үшін түссең де талай азапқа,  
Қызыққан жоқсың жылтырақ жалған атаққа.  
...Хандықпен емес, өлеңмен атын шығарған,  
ҚАСЫМХАН болып қаларсың түбі қазақта.





## ҚЫРАНЫМСЫҢ

Қанат Батырбековке

Қаратаудың шыққан ұшып қырынан,  
Қыран болып ел-жұртына танылған.  
Сол қыраным – Батырбеков Қанатым,  
Биіктерде самғау үшін туылған.

Ащысайдың болғанменен тумасы,  
Жезқазғанның сұлу қызы – сырласы.  
Аты әйгілі трест туын жоғары,  
Одан сайын көтереді тұлғасы.

Бойында бар қайрат пенен қайсарлық,  
Қолы жеткен табыстары қаншалық?!  
Көтеріліп қатардағы кеншіден,  
Басшы болып өсіп шықты сомдалып.

Өңі қара демесеніз, жүрегі ақ.  
Қашан көрсең жағдайыңа қарайлап,  
Қолдан келген аямайды көмегін,  
Сондықтан да жатады әркез ел сыйлап.

Оңтүстік пен Орталыққа тел бала,  
Халқын бастап келе жатыр оң жолға.  
Біз де дәйім биіктерге қараймыз,  
Қанат – Қыран сол биікте сен барда!



## ҚАСЫМДА ЖҮР БІР АҚЫН

(Мұса Тілеуов ағаға)

Қолда бардың қадірі болмайды ма?  
Зер салмаймыз бұлбұлдар сайрағанда.  
Ұлы Абайдың ізімен келе жатқан,  
Ақын ағам өзімнің жүр қасымда.


Өлеңінде – арының тазалығы,  
Өмірінен түйгені – жазатыны.  
Әр сөзінен секілді тұратындай,  
Ұлытаудың естіліп ғажап үні.

Қой қайырған кезінде Қыр төсінде,  
Ойға батып шабыттың кемесінде.  
Өлең жазып жас бала отыратын,  
Жайып тастап қағазын тізесіне.

«Кәкімбек, Шынболаттың жолын бер» деп,  
Кенші болды содан соң қалаға кеп.  
Кен қопарып және де жырын жазып,  
Жыл санап өсе түсті шабыты үдеп.

Қосылды да алдыңғы асылдарға,  
Жарқырады жұлдызы жасын жырда.  
Ұлытаудың ұлары тәрізденіп,  
Ұластырды думанын ғасырларға.

Қолда бардың қадірі болмайды ма?  
Зер салмаймыз бұлбұлдар сайрағанда.  
... Ақындарды іздейміз кейде алыстан,  
Нағыз ақын өзімнің жүр қасымда.






**ШЫНБОЛАТТАЙ БОЛМАҒАНМЕН...**  
(«Шындық» қоғамдық бірлестігі құрылғанда)

Ақындар да, бас қосқан әншілер де,  
Ұйым келді өмірге кенші елінде.  
Ізбасар болуға олар талпынады,  
Кешегі Шынболаттар, Шәмшілерге.

Арманы мен мақсаты бір адамдар,  
Қоғам құрып жатқан кезде қаламнан.  
Жырдан шашу шашып тұрмын қуанып,  
Орындалып ойда жүрген бір арман.

Шынында да, қуанышты күн бүгін,  
Көрсін халқым өнерпаздар бірлігін.  
«Шындық» аты міндеттеп - ақ тұрғандай,  
Шынболаттың жалғау үшін Шындығын.

Елдің сөзін айта білер, ақындар,  
Көңілімнің ақ тілегін қабыл ал.  
«Шынболаттай болмағанмен бәрібір,  
Шынболаттай болуға ұқсап бағындар».





## СЕНІҢ ҚАЙҒЫҢ ҚАБЫРҒАМА БАТАДЫ...

(Тұмаркүлге)

Ұйқысыздан таң атырып жүргенім,  
Таба алмаймын көңілімнің күрмеуін.  
Сенің қайғың қабырғама батады,  
Шиырлаймын уайымның шеңберін.

Қатал екен маңдайдағы тағдырың,  
Қиындықтың көрдің көбін, жарқыным.  
Бал шарабын ішіп едім сен бір кез,  
Жаққан шақта үлкен үйдің жарығын.

Думандатып кырық жылдық тойында,  
Жан жолдасың жүр еді ғой жаныңда.  
Қалай ғана алып кетті сұм ажал,  
Не айтасың жазса солай тағдырға?

Бар ауырлық қайта түсті басыңа,  
Бірақ, қарғам, мойыма да, жасыма.  
Алтын асық, күміс қасық тәрізді,  
Құдай берген ұл - қызың бар қасыңда.

Сен ғана емес тірегінен айрылған,  
Талайлардың қанаттары қайрылған.  
Тірлік етсең ұл, қызыңның бағы үшін,  
Арайлаған таңдар атар алдыңнан.

Сондықтан, есінді жи, белінді бу,  
Жыламайтын бар дейсің өмірде кім?  
Қиындық көрген түстей өте шығып,  
Бір кезде бал жегізер бүгінгі у.





КЕЛІН

(Әлияға)

Ошағының оты түзу жағылған,  
Ауылымызда бір әдемі келін бар.  
Бар шаруаны дөңгелетіп жүргесін,  
Ризалығын білдіреді бәрі оған.

Сындарына тағдырдың қарсы тұрып,  
Отырмайды әйтеуір қол қусырып.  
Көңілін тауып үлкеннің кішінің де,  
Ел-жұртынан жүреді алғыс алып.

Ер адамнан еш кем емес жұмысы,  
Үйі таза, ел қатарлы тұрмысы.  
Осы келін қазынасы сол үйдің,  
Бақ-дәулеті, берекесі, ырысы.

Нағыз келін меніңше сондай болар,  
Кісінің қас-қабағын аңдай алар.  
Үзілмейді үйінен күнде қонақ,  
Қашан көрсең күлімдеп, силап тұрар.

Күлгенде дидары – жаз, көңілі – гүл,  
Құралған өнегеден өмірі – жыр.  
Болған соң жүзі – жарқын, қабағы – ашық.  
Шайы да бал татиды бұл келіннің.





## НҰРЛЫ ЖІГІТ ЕДІҢ ҒОЙ ЖАЛҒАНДАҒЫ

(Амангелді Ербосыновтың рухына)

Азамат ең ақкөңіл аңқылдаған,  
Кісі көңілін ешқашан қалдырмаған.  
Сұм ажал арамыздан алып кетіп,  
Сыйлады ауыр азап тағдыр маған..

Жігіт ең жүрегінде арманы көп,  
«Ерболаттың жеңісін бір көрсем» деп.  
Жүретінсің, қайтейік көре алмадың,  
Әлемдік додаларда жеңгенін көп.

Елге сыйлы азамат Дулатың да,  
Біраз болды шаңырақ құрғанына.  
Немерең жүр еркелеп әжесіне,  
«Орнында бар оңалар болғаны» да.

Боз кілемде өнерін салатұғын,  
Жалғамақшы Асхат та аға жолын.  
Ерболаттың ізімен палуан болсын,  
Күрестен алтын алқа тағатұғын.

Іші жылап, ал сырты күлетұғын,  
Шаңырақты ұстап отыр Жұмакүлің.  
Нұрлы жігіт едің ғой жалғандағы,  
Қайран дос, қабірің де нұрға толсын!





## АҚ ТІЛЕКТЕН ЖАРАЛҒАН АППАҒЫМСЫҢ

Қызым Шолпанға

Сен де кеттің ботам-ау, білім қуып,  
Кірпігіңе қимастық тұрды ілініп.  
«Сен шықпаған шыңдарға шығам» дедің,  
Мен тіледім болғанын бағың биік.

Білім алу білемін қиындығын,  
Қиындықпен қызық қой бұл ғұмырың.  
Білім жолын таңдадың, дұрыс, бірақ,  
Алдымен тілейтінім амандығын.

Үмітім зор өзіңнен күткен менің,  
Биіктерден тек қана көрсем деймін.  
Қиындықтар кездессе өмірінде,  
Қайсарлықпен әрқашан жеңсең деймін.

Ақ тілектен жаралған аппағымсың,  
Инабатты, ибалы, мақтанымсың.  
Жолға шыққан сапарың сәтті болсың,  
Ата-ананың үмітін ақтау үшін.





## БІЛІМДІГЕ ШАШЫЛАДЫ АЛДАН НҰР

(Ұлыма)

«Білім ал» деген саған бата бердім,  
«Қатарында жүргін» деп қалың елдің.  
Екі қолға бір күрек табылғанмен,  
Білімсіз төмен болар барар жерің.

Немеренің үлкені ең қос атаның,  
Ауыр жүкті сеніп саған артамын.  
Кейінгілер үлгі алсын өзіңнен,  
Қызығумен қарап жүрсін қатарың.

Қара күшпен бір кезеңде күн көрген,  
Білсең ұлым, заман қазір өзгерген.  
Жігіттердің айы оңынан туады,  
Заманға сай мамандығын меңгерген

Талпын алға, қатарыңнан қалмағын,  
Білімдіге шашылады алдан нұр.  
Біліміңмен бағындырсаң белесті,  
Ордалы елге айналады жан жағың.

Сан қатпарын ақтарғанда өмірдің,  
Әлденеге құлазиды көңілім.  
Ой жеткенмен, кем түскесін білімім,  
Талай мәрте жеңіп тұрып жеңілдім.

Қайтар балам, осы «кегін» әкеңнің,  
Бұл сөзімді дей алады бекер кім?  
Байлық қумай, білім жинау арқылы,  
Өзіңді де, еліңді де көтергін.





### БІЛМЕДІМ, БАЛАМ...

Тәкәппар тағдыр таңбасын мәңгі қалдырған,  
Өзінді ойлап, бойымды мұңға алдырам.  
Алты жыл өтіп, алысқа алшақ кетсең де,  
Көкейде жүрген мазалай берер бір сұрақ.

Арманшыл едің, үздің сен қалай арманды?  
Оп-оңай ғана кеттің бе, қиып жалғанды?  
Әке мен шешен аңырап қалған артыңда,  
Қараудан күтіп жолыңды сенің талмайды.

Білмедім балам, шарт сынды неден төзімің?  
Көруші ем сені қарашығындай көзімнің.  
Озып та кетпес, қалып та қоймас қатардан,  
Жөнімен елдің жолыңа салып өсірдім.

Жауабын іздеп үзілген жүрек сырының,  
Арқауы болдың бүгінде мұңлы жырымның.  
Бәйгеден енді келетін сәтте мерт болған,  
О, менің қайран, Құлагер - ғұмыр, құлыным!





**ҚУАНТЫП КЕЛІП ...**

*Ұлым Дидардың рухымен сырласу*

Жемісім едің сен менің,  
Бірақ та, неге өспедің?  
Қадірін біліп әкенің,  
Іздеумен оны өскенмін.

Құлазып кейде көңілім,  
Жанардан жасым төгілдің.  
Уын да ішіп қайғының,  
Өртіне талай өртендім.

Жылдар да жылжып, күн өтер,  
Болмайды өмір бал-шекер.  
Жылаған жандар жүрегін,  
Жұбату күйін кім шертер?

Осыны ойлап жан ботам,  
Анаң да талай жылаған.  
Жалғыз тастап ағанды,  
Тағдырың ба еді сынаған?

Қарындасың, Шолпаның,  
Деуші еді «ағам - қорғаным».  
Өмірге жаным құштар ең,  
Аңсаған талай арманың.

Күлімдеп жүрген дидарың,  
Бақиға қалай қиғанмын?  
Жауапсыз қалған сан сұрақ,  
Жүрекке жүк ғып жинадым.






Жақсылық Омаров

Жүрекжарды

Ұмтылып алға талпындың,  
Арманшыл едің, жарқыным.  
Ызғарлы болды біз үшін,  
Желтоқсаны тоқсан алтының.

Қайғыңды солай өткердім,  
Тілімдеп жанды кеткенің.  
Қуантып келіп өмірге,  
Жылатып кетіп, неткенің?





## БАҚЫТТЫ БОЛСЫН ҚОС БОТАМ

*Ұлым Руслан мен келінім Айнұрға ақ тілек*

Ақ түйенің қарыны жарылып бүгін жатқан күн,  
Аңсап жүрген арайлы аппақ таңым атқан күн.  
Ай нұрынан жаралған АЙНҰР менен РУСЛАН,  
Жүректері жарасып, жолын бірге тапқан күн.

Бақыттымын сондықтан да бақыттымын,  
Адал жарын өзінің тауыпты ұлым.  
Қуаныштың тербеліп бесігінде,  
Жүрегім жарылардай болып тұрмын.

Ағайын, жасырайын текке несін?  
Көп жылдар осы сәтті күткен едім.  
Құдаларды төріме отырғызып,  
Ақ батасын алсам деген қалың елдің.

Арманым енді міне орындалды,  
Ұлымның жанында отыр сүйген жары.  
Жолдары аппақ болып әрқашанда,  
Биіктен көргім келеді қос ботамды.


Жандарым, жаңа өмір бастадыңдар,  
Алмаған алда талай асқарың бар.  
Шыңына жету үшін сол асқардың,  
Көпшіліктің батасын алып қалыңдар.

Кәміл сенем қос жүрек бір соғарына,  
Ғұмырларың бақытты боларына.  
Ата әженің еркесі болған ұлым,  
Қуаныштан жанып тұр жанарың да.





Қос аққуы болындар айдын көлдің,  
Жапырағын бәйтерек жайсын деймін.  
Би түсетін қазақтың бір үйі боп,  
Шаңырақты шаттық әні әлдилесін!



## КҮЛДІРЕ БЕР, МЕНІ ӨМІР

Ойыма алар болсам өткенімді,  
Көрсеттің, тағдыр суық өкпегінді.  
Әкесінен айрылған тумай жатып,  
Көкбөрінің күшігі көкке ұлыды.

Жүретін жалау болып жаныма ұдай,  
Анамды алып кетті және Құдай.  
Тоғызға жаңа толған кезім еді,  
Артында қала бердім жылай-жылай.

Қырықтың шыққан кезде қырқасына,  
Қайғының түсті жүгі бір басыма.  
Қалдырдым жүрегімнен бөліп беріп,  
Он бестегі ұлымды қыр басына.

Қайғының қара бұлты айналдырған,  
Шахта да дайындапты «сыйын» маған.  
Ес-түссіз емханада алты ай жатып,  
Өйтеуір әуірімдеп қалдым аман.

Көз жасын ұл-қызымның көрген шығар,  
Тәңірім сосын қолдау берген шығар?  
Жазмыштың сан сынағын өткердім ғой,  
Осымен «емтиханы» тынған шығар?

Өткерген бастан өмір әуресін мың,  
Төгеді шаңырағыма сәулесін күн.  
Көп жылаған жан едім, енді қазір  
Шаттықтың самал желін сеземін кіл.

Түскенде перне үзіліп домбырадан,  
Езіліп кететіндей қан жылаған.



Жақсылық Омаров

Жүрекжарды

Мықтылығын танытқан қайран жүрек,  
Жарылып кете қоймас қуанғаннан.

Сондықтан, өмір мені күлдіре бер,  
Жалғанның жақсылығын білдіре бер.  
Қызарып батқан күнім ертесіне,  
Қуаныш сыйларына сендіре бер!

Б





МАЗМҰНЫ

Ақжарма тілек ағадан ..... 4

Бірінші бөлім

ТӨГЕДІ ШАҢЫРАҒЫМА СӘУЛЕСІН КҮН

Тәуелсіздік тойы .....6  
 Ұлытауды таныстыру .....7  
 Жаныма жақын жарасым .....9  
 Желтоқсан .....10  
 Ғасырдың алғашқы көктемі .....11  
 Түсінбей жүрмін заманды .....12  
 Адалдың атын арылтпас Алла бәрібір .....13  
 Бәйтерекке айнала ма жас шыбық? .....14  
 Қонжық .....15  
 Үзбеймін үмітімді .....16  
 Қонақ болсаң ..... 17  
 Шүкір .....18  
 Өсек .....19  
 Ұмытпа .....20  
 Бауырларға басу .....21  
 Жігіттер, мойындайық .....22  
 Кафедегі қара қыз .....23  
 Жоғалғанмен жолығу .....25  
 Бала ғашық ..... 27  
 Сөнбейді екен жүректегі сәулелер ..... 28  
 Орта жолда .....29  
 Адам бала сұрайды екен Құдайдан .....30  
 Қатыгез қыз .....32  
 Перзентінің рахатын көрмесе .....33  
 Хайуандар да безбейді баласынан .....34  
 Шемен шер .....36  
 Өлеңдерім .....39  
 Ең бақытты түн .....40  
 Кешір мені, қара өлең .....41  
 Сен оқышы жырымды .....43



Екінші бөлім  
АҒЫНАН АҚТАРЫЛСЫН АҚ КӨҢІЛІМ

Аманат.....	45
Анамды аңсағанда.....	48
Әкем туралы немересіне әңгіме.....	49
Үш жетімді жеткізіп кеткен асылым.....	51
Орындарың төрі болсын жұмақтың.....	53
Әкесіз өскен ұл едім.....	54
Достығымыз сөнбесін.....	55
Боласың әлі-ақ өнер мұзбұлағы.....	56
Бір айтулы азамат Арқадағы.....	58
Сұңқар жігіт.....	60
Алтайдың нағыз қазағы.....	61
Ел білетін қайраткерсің.....	63
Қасымханға хат.....	64
Қыранымсың.....	66
Қасымда жүр бір ақын.....	67
Шынболаттай болмағанмен.....	68
Сенің қайғың қабырғама батады.....	69
Келін.....	70
Нұрлы жігіт едің ғой жалғандағы.....	71
Ақ тілектен жаралған аппағымсың.....	72
Білімдіге шашылады алдан нұр.....	73
Білмедім, балам.....	74
Қуантып келіп.....	75
Бақытты болсын қос ботам.....	77
Күлдіре бер, мені өмір.....	79

ЖАҚСЫЛЫҚ ОМАРОВ

# *Жүрекжарды*

Басуға 27.10.2011 ж. қол қойылды.  
Қалыбы А4. Қаріп түрі «Таймс». Ризографиялық басылым.  
Көлемі 5,25 шартты баспа табақ. Таралымы 200 дана.

«Нұрлы Бейне» баспасы. Тапсырыс №2710  
Шымкент қаласы, А. Байтұрсынов көшесі, 15 «Б»  
e-mail: togusbaev67@mail.ru  
тел.: +7 701 77 97 167; 8 (7252) 50-16-21